

№44 Ауысымдық (кешкі) жалпы білім беретін мектебі бойынша
«Оқуға құштар мектеп» жылдық жұмысының талдамасы, 2023-2024 оқу жылы.

№44 ауысымдық(кешкі) жалпы білім беретін мектебінде мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 10.10.2023ж кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: оқу мәртебесін арттыру, оқу іс-әрекеті және оқу сапасын арттыру, балалардың мәдени және оқу құзыреттілігін дамыту, сонымен қатар жас ұрпақ бойында жоғары азаматтық және рухани-адамгершілік бағдарларды қалыптастыру. Көрме - оқырмандарға қосымша білім алуға, ұсынылған тақырыпқа қызығушылықты қалыптастыруға және кеңейтуге мүмкіндік беретін әдебиетті көрнекі насихаттаудың негізгі әдістерінің бірі.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов айтқандай: «Оқу-дүниетаным туралы ой-өрісті кеңейтуге көмектеседі, сыни ойлауды дамытады, білімді, шығарма кейіпкерлерінде болатын мінез-құлық үлгілерін сіңіруге көмектеседі, жалпы, адамды тәрбиелейді. Мұның бәрін бала кезінен бастау керек. Сол кезде әдебиетке деген сүйіспеншілік адамның бүкіл өмірінде болады». Оқушылар жаңа көркем әдебиет кітаптарымен танысып, оқып, өздеріне қажетті көптеген мағлұматтар алды.

